

Жамбыл

КҮЛЛІ ШЫҒЫС ХАЛҚЫНЫҢ ГОМЕРІ

Шымкент қаласының М.Әуезов атындағы ОҚУ-да ұлы ақын Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына орай «Жамбылдың ақындық мұрасы және жамбылтанудың өзекті мәселелері» атты халықаралық онлайн конференциясы өтті. Конференция ҚР Тұңғыш Президенті Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы және ел тарихын, ұлт шежіресі мен құндылықтарын сақтау мен дәріптеуге шақырған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен де қымбат» атты мақаласы аясында ұйымдастырылған.

Жиынға онлайн арқылы еліміздің әр өңірінен жиналған жамбылтанушылар, шетелдік ғалымдар, қоғам қайраткерлері, ЖОО оқытушылары мен педагог мамандар қатысты. Сондай-ақ конференция барысында АҚШ, Ресей Федерациясының Мәскеу қаласынан, Чуваш, Кабардин-Балқар автономиялы республикаларынан және бауырлас Өзбекстан мен Қырғызстаннан қатысқан зерттеуші-ғалымдардың ауқымды зерттеулері жұртқа кеңінен таныстырылды.

– Биыл ұлы ақын Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жыл толады. Жамбыл ағамыз қазақ әдебиетінде өшпес із қалдырған ұлы тұлға. Жамбыл Жабаев жыраулардың соңғы тұяғы. Ол тек жырау ғана емес, сонымен бірге жыршы әрі ақын. 19 ғасырдың жыршылық мұрасын жалғастырып, 20 ғасырда да қалың қазаққа көне дастан-жиссаларды, жыраулардың еңбектерін жырлай алған ұлы жыршы. Жамбыл бабамызды осы ақындық қасиеттері үшін феномен тұлға деугімізге болады. 20 ғасырда қазақты әлемге танытқан Абай, Мұхтар Әуезовпен бірге Жамбыл Жабаевтың да орны айрықша болғанын ұмытпауымыз керек. Гректің Гомері бүкіл еуропалықтардың ең ұлы жырауы болса, Жамбыл күллі шығыс халықтарының Гомері. Әлемдік деңгейдегі екі ақынның адамзаттың әдебиет тарихында қалдырған мұрасы ұшан-теңіз. Сондықтан да Жамбыл ағамыз қадірлеуге, құрметтеуге лайықты тұлға. Ақын, жыраудың шығармалары ел ішінде насихатталып, мол мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа жетуі тиіс. Сонымен бірге ақын атеистік көзқарас билеген кеңестік дәуірдің өзінде бес уақыт намазын тастамай, мешітке барып қазақ дәстүрді ұстанған керемет жан болған. Қай заманда да басынан бөркін, шапанын тастамаған, қарияға тән бақал қойған қазақтың қасиетті ақсақалы болған жан. Бүгінгі ұйымдастырылған халықаралық ғылыми конференцияның да негізгі

көздеген мақсат-мұраты сол, ұлы ақынның артында қалған сарқылмас еңбектерін кейінгі ұрпаққа насихаттау, бабамыздың жүрген жолын, өнерін ел ішінде дәріптеу және шетелдің әдебиетсүйер қауымына оның шығармаларын жан-жақты таныстыру. Қазірдің өзінде ұлы ақынның еңбектеріне Түркияның әдебиетшілері үлкен қызығушылық танытып отыр. – дейді М.Әуезов атындағы ОҚУ доценті, филология ғылымдарының кандидаты, «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері Ақжол Қалшабек.

Конференцияда Жамбыл Жабаевтың дәстүрлі ауыз әдебиеті мен жаңа жазба әдебиетінің арасында алтын көпір бола білген ерекше тұлғалық қасиеті жайлы айтылды. Иә, бабамыздың әдебиет өнеріндегі таланты шынымен де сан қырлы. Оны таңды таңға ұрып жырлаған шығыстың, қазақтың небір жыр дастандарынан, суырып салма ақындық өнерінен анық аңғарамыз. Сонымен бірге ұлы ақынның шығармашылық қуаты, ғылым адамның ой-санасы өзгерсе де халықтың Жамбыл ақынға деген құрметі өзгерген жоқ. Бұл жыршының елмен бірге өмір сүріп, халықтың ақыны болғандығын көрсетеді.

Тәуелсіздіктің 30-жылдығына түспә-түсп келген ұлы ақын Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған конференция қорытындысында жамбылтану бағытында зерттеу жүргізетін жас ғалымдардың шығармашылық еңбектеріне республикалық, халықаралық деңгейде қолдау көрсету, ақынның мұраларын насихаттау мақсатында байқаулар ұйымдастыру, жоғары және орта оқу орындарында «жамбылтану» курстарын ашу, Жамбыл Жабаевтың әдеби-мемориалды музейіне жастарды жинап, танымдық экспедицияларды қолға алу туралы шешім қабылданды.

Ә.НҰРЖАҒИТҰЛЫ



D ӘСКЕРИ ТӘРБИЕ

ГЕНЕРАЛ

БОЛҒЫСЫ КЕЛЕТІНДЕР КӨП

Бүгінде қоғамда «жастар әскери мамандыққа қызықпайды» деген сыңаржақ пікір қалыптасқан. Сыңаржақ дейтініміз, әскери мамандықтың «майын ішкен» майталмандардың айтуынша керісінше әскери мамандықты қалайтындар әскери қызметке ұмтылатындар көп. Тек оларға қойылатын қатаң талаптың салдарынан бәрі бірдей әскери машықты менгеріп кетпейтіндігі рас.

Дәл осы тұжырымды дәлелдегендей жуырда Шымкент қаласындағы №129 жалпы орта мектебінде әсерлі кездесу кеші өтті. С.Нұрмағанбетов атындағы Құрлық әскерлері Әскери институтының курсанттары мектепке арнайы келіп, оқушыларға әскери қызметтің қиындығы мен қызығы жайында сыр шертті.

Курсанттар өздерінің алғашқы демалыс күндерін өздері үшін де, басқалар үшін де осылайша пайдалы өткізді. Курсант Сейділдә Аман мен Мұхан Ербол болашақ артиллерияшы, ал курсант Жолшыбек Нұрбол инженерлік қамтамасыз ету мамандығы бойынша білім алуда. Кездесу барысында оқушыларды әскери маман атану үшін қандай оқу орнына бару керектігін, қандай құжаттар дайындауды сұрап жатты. Осының өзі ақ жоғары сынып оқушылары арасында әскери мамандыққа қызығушылар көп екенін аңғартқандай.

Кездесу барысында курсанттар институттың өмірі туралы айтып, әскери мамандықтың

жігіттерді болашақта өзін-өзі тәрбиелеуіне, белгілі бір мақсатқа ұмтылуына жол ашатынына оқушылардың назарын аударды. Әскери институтта оқу – бұл болашақтағы материалдық тұрақтылық, мансаптық өсу мен әлеуметтік мәртебені арттыру мүмкіндіктері. Өйткені, Отан қорғаушылар мамандығының мәртебесі әрқашан жоғары.

Орайы келгенде оқырманға айта кетейік, әскери мамандықты менгергісі келетін бозбаланың жалпы орта білімі болуы, жасы 17-22 жастан аспауы керек.

«Мерзімді қызметтегі 24 жасқа дейінгі сарбаздар және 25 жасқа дейінгі келісімшарт бойынша әскери қызметшілер әскери оқу орындарына үміткер бола алады. Оқуға түсу үшін олар 30 сәуірге дейін жеке куәлігі мен әскери тіркеу куәлігін алып жергілікті әскери басқару органына өтініш жазуы керек», – дейді Шымкент гарнизонының баспасөз қызметі.

Ж.ЖАЙЛАУБЕКҚЫЗЫ